

Ата -аналар жиналысы.

Тақырыбы: «Баланың бас ұстазы ата-ана» .

Міндеттері:

- 1.балалардың әл-ауқатын қамтамасыз ету үшін ата-аналардың педагогикалық мәдениетін, психологиялық және әлеуметтік құзыреттерін дамытуда ата-аналарға жүйелі педагогикалық қолдауды ұйымдастыру;
2. балаларды тәрбиелеу мен дамытуда орта білім беру ұйымы мен отбасы арасындағы өзара іс-қимылды нығайту;
3. балаларды тәрбиелеу мен дамытуда ата-аналардың жауапкершілігін арттыру.

Керекті құралдар: плакат, үлестірмелі қағаздар, доп

Әдіс тәсілдер: сұрақ - жауап, қызықты сұрақтар,

Жиналыс барысы:

Ата- аналарды қарсы алу : «Қадам» ойыны

Әр ата - ана өзінің баласының бірінші әріппіне қадам сайын жылы сөздар арнау.

Қызығушылығын ояту: «Шаттық шеңбер»

Бір -бірімен құшақтасып амандасып жылулықты сезіну, жылы сөздер айту.

Кіріспе сөз. Жиналыстың мақсат міндеттермен таныстыру

Ұлтымызда «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілесің»деген дана сөзі бар.

«Балапан» қыран болуы үшін оны самғатып ұшыратын ата – анасы да, қыран болуы керек – деп отбасымыз тәрбиеге ерекше көңіл бөлген.

Ата – ана отбасының негізгі діңгегі, бастапқы дәнекері. Бала әкеден ақыл, анадан мейірім алады.

Әке – отбасының асыраушысы, қамқоршы тірегі, ана – отбасының ұйытқысы, жылуы, шуағы. Жақсы ана отбасына береке әкеліп, оларды бақытқа бөлейді. Ата – анаға баладан артық ешкім жоқ. Сондықтан әке де, шеше де балаларынң жан дүниесіне үңіліп, мінез құлқындағы ерекшеліктерді жете білген жөн. Балалармен әңгімелескен кезде, олардың пікірлерімен санасып отырған орынды. Әке мен шеше ұл – қызымен үй шаруасында әңгімелесіп ой – бөлісуіне болады. Баланың бойына баолық жақсы қасиеттерді дарыту, тіпті жанында жүрген достарына дейін мән беру, табиғат сыйлаған дарын болса дамыту, дұрыс білім алуына жағдай жасау – ата – ананың басты парызы.

Топтық жұмыс:

1 топ Баланың бойында қандай қасиетерге тәрбиелеу

2топ Ата ана баланы бойына жақсы қасиеттерді тәрбиелеу жолдары

Ойын «Қиын бекеттер»

Қ о р ы т ы н д ы

Сауалнамалар алу